

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 18 қазанда № 14336 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 49) тармақшасына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды орнату қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулысының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 209 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды орнату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) 753-бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 24-бабына, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң) 15-бабы екінші бөлігінің 49) тармақшасына, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң) 5 және 9-баптарына, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 4-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13 және 16-баптарына, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Ұлттық Банкте банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – банктік емес ұйымдар) ұлттық және шетел валютасында корреспонденттік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-1. Қағидалардың резидент-банктерге қатысты қолданылатын талаптары Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің Қазақстан Республикасының аумағында құрылған филиалдарына қолданылады.

Ескерту. Қағида 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер (банктік емес ұйымдар) арасында корреспонденттік қатынастарды белгілеу тәртібіне Ұлттық Банкте корреспонденттік шотты ашу, жүргізу және жабу кіреді.

Корреспонденттік шоттар Ұлттық Банк пен банктің (банктік емес ұйымның) арасында корреспонденттік шот шарты жасалғаннан кейін ашылады. Корреспонденттік шоттар ұлттық валютада да, сондай-ақ шетел валютасында да ашылады және жүргізіледі. Корреспонденттік шот шарты банк (банктік емес ұйым) банктің (банктік емес ұйымның) уәкілетті адамдары қол қойған, еркін нысанда ұсынылған жазбаша өтініштің (бұдан әрі - өтініш) негізінде ұсынылған шартқа (оның ішінде шартқа өзгерістерге және (немесе) толықтыруларға) тұтастай қосылу арқылы ғана талаптарын қабылдай алатын қосылу шарты болып табылады.

Корреспонденттік шот шартына сәйкес Ұлттық Банк банктің (банктік емес ұйымның) пайдасына келіп түскен ақшаны қабылдауға, банкке (банктік емес ұйымға) немесе үшінші тұлғаларға тиісті ақша сомаларын аудару туралы олардың өкімдерін орындауға, ұлттық валютада қолма-қол ақшаны қабылдауды және беруді жүзеге асыруға және корреспонденттік шот шартында көзделген басқа да қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қағидалар Ұлттық Банктің бухгалтерлік есеп позицияларын көрсететін баланстық шоттарына, баланс шоттың құрамдас бөліктері болып табылатын жеке шоттарға (қосалқы позицияларға), оның ішінде несие шоттарына қолданылмайды.

4. Қағидаларда Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21593 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қазанындағы № 128 қаулысымен бекітілген Қазақстан Ұлттық Банкінің банктік идентификациялау кодтарын беру, пайдалану және жою, сондай-ақ банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және жою, олардың құрылымы, Банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық) көзделген ұғымдар пайдаланылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Банк (банктік емес ұйым) Ұлттық Банкте корреспонденттік шотты ашу үшін ұсынған өтінішті және құжаттарды қарау толық құжаттар топтамасы ұсынылған күнінен бастап бір ай ішінде жүзеге асырылады.

Банк (банктік емес ұйымдар) деректемелері (банктің (банктік емес ұйымның) атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі) өзгерген кезде он жұмыс күні ішінде бұл туралы Ұлттық Банкке растау құжаттарын қоса бере отырып, жазбаша хабарлайды.

Корреспонденттік шотты ашуға ұсынылған құжаттар Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген кезде Ұлттық Банк оларды қайтару себептерін көрсете отырып қайтарады.

2-тарау. Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашу тәртібі

1-параграф. Қазақстан Республикасының резидент банкіне корреспонденттік шот ашу

6. Қазақстан Республикасының резидент банкі корреспонденттік шот ашу үшін Ұлттық Банкке Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысымен бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларында (бұдан әрі – № 207 қағидалар) көзделген құжаттарды, сондай-ақ мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Ұлттық Банк Төрағасының атына валюта түрін көрсете отырып, корреспонденттік шотты ашуға еркін нысандағы өтініш;

2) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3) адамдарға корреспонденттік шот бойынша операциялар жасауға өкілеттіктер беруге негіз болған құжаттар.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7. Қазақстан Республикасының резидент банкі корреспонденттік шот шартына қосылғаннан кейін Ұлттық Банк оған жеке идентификациялау кодын, банктік идентификациялау кодын және банк кодын береді. Банктік идентификациялау коды және банк коды Нұсқаулыққа сәйкес беріледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының резидент-банкі Ұлттық Банкте корреспонденттік шоттың ашылу күнінен бастап он жұмыс күні ішінде операторы Ұлттық Банк болып табылатын төлем жүйелерінің (бұдан әрі – төлем жүйелері) қатысушысы мәртебесін алу үшін Ұлттық Банкпен төлем жүйесіне қатысу туралы шарт (бұдан әрі – қатысу туралы шарт) және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамымен (бұдан әрі – Орталық) төлемдік және ақпараттық хабарларды өңдеу және беру туралы шарт (бұдан әрі – жүйеде қызмет көрсету туралы шарт) жасайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.02.2025 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-параграф. Шет мемлекеттің орталық (ұлттық) банкіне корреспонденттік шот ашу

9. Шет мемлекеттің орталық (ұлттық) банкі корреспонденттік шот ашу үшін Ұлттық Банкке № 207 қағидаларда көзделген құжаттарды, сондай-ақ Ұлттық Банк Төрағасының атына валюта түрін көрсете отырып, корреспонденттік шот ашуға еркін нысанда өтініш ұсынады.

Қол қою үлгілері мен мөр таңбасы бар құжатты (қол қою үлгілері мен мөр таңбасы бар альбомды) онда төлем құжаттарына уәкілетті адамдардың тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), көрсетілген адамдардың қол қою үлгілерінің, сондай-ақ мөр таңбасының болу талабымен еркін нысанда ұсынуға жол беріледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Шет мемлекеттің орталық (ұлттық) банкі корреспонденттік шот шартына қосылғаннан кейін Ұлттық Банк оған жеке сәйкестендіру кодын тағайындайды.

Шет мемлекеттің орталық (ұлттық) банкінің төлем жүйелерінің қатысушысы мәртебесін алуға арналған өтініші бойынша Ұлттық Банк оған банк кодын, сондай-ақ банктік сәйкестендіру кодын береді не шет мемлекеттің орталық (ұлттық) банкі оны Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес Банктер анықтамалығына қосқаннан кейін ИСО (ISO – International Organization for Standardization) 9362: Банк Идентифиер Код (Bank Identifier Code) халықаралық стандартына сәйкес берілген банктік сәйкестендіру кодын пайдаланады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-параграф. Қазақстан Республикасының резидент емес банкіне (банктік емес ұйымына) корреспонденттік шот ашу

11. Қазақстан Республикасының резидент емес банкіне (банктік емес ұйымына) Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашу мынадай жағдайлардың бірінде жүзеге асырылады:

1) мемлекетаралық, үкіметаралық және өзге де халықаралық деңгейдегі бағдарламаларға қатысуы, олардың талаптарға сәйкес Ұлттық Банкте корреспонденттік шотты ашу талап етіледі;

2) Қазақстан Республикасының резиденті емесі елінің орталық (ұлттық) банкінің Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашу туралы өтініш беруі.

Қағидалардың 12-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған кезде "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушысы болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент емес банкіне Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашу туралы "Астана" халықаралық қаржы орталығының қолдаухаты негізінде Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашуға жол беріледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Қазақстан Республикасының резидент емес банкі (банктік емес ұйымы) корреспонденттік шотты ашу үшін Ұлттық Банкке № 207 қағидаларда көзделген құжаттарды, сондай-ақ мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Ұлттық Банк Төрағасының атына валюта түрін көрсете отырып, корреспонденттік шотты ашуға еркін нысандағы өтініш;

2) құрылтай құжаттары не жүзеге асырылатын қызмет түрі туралы ақпарат қамтылған құжаттар (келісімдер);

3) сауда тізілімінен үзінді көшірменің түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшірмесі не резидент емес заңды тұлғаны тіркеген орган, тіркеу нөмірі, тіркелген күні мен орны туралы ақпарат қамтылған, қазақ немесе орыс тіліне аудармамен

куәландырылған және, қажет болған жағдайда, жария етілген не апостильдендірілген осындай сипаттағы басқа құжат;

4) резидент емес елдің уәкілетті органы банктік операцияларды жүргізуге берген лицензияның нотариат куәландырған көшірмесі, не лицензия алусыз банктік операцияларды жүргізуге құқығын растайтын өзге құжаттар;

5) қол қою үлгілері бар құжатты (қол қою үлгілері бар альбомды) онда төлем құжаттарына уәкілетті адамдардың тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), көрсетілген адамдардың қол қою үлгілерінің болу талабымен еркін нысанда ұсынуға жол беріледі;

6) бар болса, резидент еместі салық төлеуші ретінде тіркеу туралы тіркеу куәлігінің көшірмесі.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттар шет тілінде жасалған болса, Қазақстан Республикасының резидент емес банкі (банктік емес ұйымы) Ұлттық Банкке олардың нотариат куәландырған қазақ және орыс тіліне аудармаларын ұсынады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

13. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі (банктік емес ұйымы) корреспонденттік шот шартына қосылғаннан кейін Ұлттық Банк жеке сәйкестендіру кодын береді.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің (банктік емес ұйымының) төлем жүйелерінің қатысушысы мәртебесін алуға арналған өтініші бойынша Ұлттық Банк банктік сәйкестендіру кодын береді не Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі (банктік емес ұйымы) оны Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес Банктер анықтамалығына қосқаннан кейін ИСО (ISO – International Organization for Standardization) 9362: Банк Идентифиер Код (Bank Identifier Code) халықаралық стандартына сәйкес берілген банктік сәйкестендіру кодын пайдаланады.

Ұлттық Банк Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің (банктік емес ұйымының) өтініші бойынша Нұсқаулықта көзделген тәртіппен банк кодын береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Корреспонденттік шотты ұлттық валютада ашқан Қазақстан Республикасының резидент емес банкі (банктік емес ұйымы) төлем жүйелерінің қатысушысы мәртебесін алу үшін Ұлттық Банкпен қатысу туралы шарт және Орталықпен жүйеде қызмет көрсету туралы шарт жасайды.

4-параграф. Қазақстан Республикасының резидент банктік емес ұйымына корреспонденттік шот ашу

15. Қазақстан Республикасының резидент банктік емес ұйымы ұлттық валютадағы корреспонденттік шотты ашу үшін Ұлттық Банкке № 207 қағидаларда көзделген құжаттарды, сондай-ақ мынадай құжаттар ұсынады:

1) Ұлттық Банк Төрағасының атына ұлттық валютада корреспонденттік шот ашуға еркін нысандағы өтініш;

2) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3) жарғы немесе жарғының нотариат куәландырған көшірмесі не клиенттің қызметті үлгі жарғы негізінде жүзеге асыруы фактісін растайтын құжат;

4) уәкілетті адамдарға корреспонденттік шот бойынша операциялар жасауға өкілеттіктер беруге негіз болған құжаттар;

5) төлем жүйесіне қосылу қажеттігінің негіздемесі, онда мынадай ақпарат қамтылады:

банкаралық ақша аудару жүйесі арқылы жүргізілетін операциялардың болжанатын саны және көлемі (бір айда);

жүзеге асыру үшін төлем жүйесіне қосылуды қажет ететін операциялардың тізбесі;
банктік емес ұйымның болжанатын клиенттер саны;

банктік емес ұйымда қолданылатын ақпаратты рұқсат етілмеген кіруден қорғаудың ұйымдастырушылық және бағдарламалық-техникалық шаралардың сипаттамасы;

банктік емес ұйым пайдаланатын бағдарламалық-техникалық құралдардың және телекоммуникация желілерінің сипаттамасы.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

16. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 125 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Ұлттық Банкте шетел валютасында корреспонденттік шотты ашу үшін Қазақстан Республикасының резидент банктік емес ұйымы № 207 қағидаларда және Қағидалардың 15-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Қазақстан Республикасының резидент банктік емес ұйымы корреспонденттік шот шартына қосылғаннан кейін Ұлттық Банк оған жеке идентификациялау кодын, банктік идентификациялау кодын және банк кодын береді. Банктік идентификациялау коды мен банк коды Нұсқаулыққа сәйкес беріледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Қазақстан Республикасының резидент банктік емес ұйымы төлем жүйесінің қатысушысы мәртебесін алу үшін корреспонденттік шотты ұлттық валютада ашады және Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашылған күнінен бастап бір айдың ішінде Ұлттық Банкпен қатысу туралы шарт және Орталықпен жүйеде қызмет көрсету туралы шарт жасайды.

Осы тармақта көзделген мерзімде төлем жүйелерінің қатысушысы мәртебесін алмаған кезде, Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының резидент банктік емес ұйыммен корреспонденттік шот шартын бұзады.

5-параграф. Ұлттық Банктің еншілес ұйымы болып табылатын банктік емес ұйымға корреспонденттік шот ашу

20. Ұлттық Банктің еншілес ұйымы болып табылатын банктік емес ұйым (бұдан әрі – еншілес ұйым) корреспонденттік шотты ұлттық және шетел валютасында ашу үшін Ұлттық Банкке № 207 қағидаларда және Қағидалардың 15-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Еншілес ұйым корреспонденттік шот шартына қосылғаннан кейін Ұлттық Банк оған жеке идентификациялау кодын, банктік идентификациялау кодын және банк кодын береді. Банктік идентификациялау коды мен банк коды Нұсқаулыққа сәйкес беріледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6-параграф. Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашуға қойылатын жалпы талаптар

22. Корреспонденттік шоттар ашу кезінде Қағидаларда көзделген құжаттардан басқа Ұлттық Банкке КЖТҚҚ туралы заңға сәйкес банктен (банктік емес ұйымнан) қосымша құжаттар алуға рұқсат беріледі.

23. Банк (банктік емес ұйым) Ұлттық Банкте екінші және келесі корреспонденттік шоттарды ашқан кезде көрсетілген шоттарды ашу сәтінде Ұлттық Банкке бұрын ұсынылған құжаттарда өзгерістер болмаған жағдайда, № 207 қағидаларда көзделген

нысан бойынша қол қою үлгілері бар құжатты қоспағанда, Қағидаларда көзделген құжаттарды қайта тапсыру талап етілмейді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының резидент емес банктердің корреспонденттік шоттарын қоспағанда, банкке (банктік емес ұйымға) корреспонденттік шотты ашу күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей өз құзыреті шегінде салықтардың және төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеуді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның қарауына жатқызылған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын мемлекеттік органға (бұдан әрі - мемлекеттік кіріс органы) хабарламаларды кепілдікпен жеткізуді қамтамасыз ететін телекоммуникация желісі арқылы сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, аталған шоттарды ашу туралы хабарлайды.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Корреспонденттік шот шарты, Ұлттық Банктің корреспонденттік шот ашу туралы мемлекеттік кіріс органына хабарламасының көшірмесі, сондай-ақ банк (банктік емес ұйым) корреспонденттік шот ашуға ұсынған құжаттар әрбір банк (банктік емес ұйым) бойынша арнайы ашылған іс қағазына (бұдан әрі – Іс қағазы) тігіледі және сақталады. Банк (банктік емес ұйым төлем жүйелерінің қатысушысы мәртебесін алған жағдайда, Іс қағазына қатысу туралы шарттың және жүйеде қызмет көрсету туралы шарттың көшірмелері де салынады.

Банктің (банктік емес ұйымның) Іс қағазында сондай-ақ бұрын ұсынылған және өзгертілген қағаздар сақталады, оларға жауапты қызметкердің тегін, атын әкесінің атын (ол бар болса) және қолтаңбасын көрсете отырып, "ауыстырылды" деген белгі қойылады. № 207 қағидаларда көзделген нысан бойынша қол қою үлгілері және мөр таңбасы бар өзгертілген құжаттар айқастырылып сызылады және оларға жаңа құжаттардың деректемелері көрсетіле отырып, ауыстырылғандығы туралы белгі қойылады.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Ұлттық Банкте корреспонденттік шотты жүргізу

1-параграф. Банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотын жүргізу бойынша жалпы талаптар

26. Ұлттық Банк банктің (банктік емес ұйымның) Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттағы ақшасын кедергісіз басқару құқығын қамтамасыз етеді және корреспонденттік шот шартына сәйкес ондағы қалдық сомасы шегінде төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырады.

Корреспонденттік шотты басқару құқығына өкілеттіктер құрылтай құжаттарының не басшылардың бұйрықтары, корреспонденттік шотты басқару немесе корреспонденттік шот бойынша операциялар жасау құқығына сенімхаттың не осындай өкілеттіктер беруге негіз болған өзге де құжаттардың негізінде беріледі.

27. Банктің (банктік емес ұйымның) ақшасын олардың келісімінсіз алып алу, сондай-ақ банктің (банктік емес ұйымның) Ұлттық Банкте корреспонденттік шоттағы ақшаны басқаруға құқықтарын шектеу Азаматтық кодексте, Салық кодексінде, КЖТҚҚ туралы заңда және (немесе) банк (банктік емес ұйым) мен Ұлттық Банктің арасында жасалған корреспонденттік шот шарында көзделген жағдайларда жасалады.

28. Банк (банктік емес ұйым) Ұлттық Банкке Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – № 208 қағидалар) және корреспонденттік шот шартында көзделген тәртіппен орындау үшін төлем құжаттарын ұсынады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. Банк (банктік емес ұйым) төлем құжатын Ұлттық Банкке берген кезде Ұлттық Банкке өзінің ақшасын төлем құжатында көрсетілген тұлғаның пайдасына аударуға өкілеттік береді.

30. Банк (банктік емес ұйым) ұлттық валютадағы электрондық құжаттарды Ұлттық Банкке Орталықтың төлем жүйелерінде пайдаланылатын форматта жібереді, шетел валютасындағы электрондық төлем құжаттарын – халықаралық жүйелердің талаптарына сәйкес келетін форматтарда жібереді.

31. Төлем құжатын орындаудан бас тартқан кезде Ұлттық Банк банкті (банктік емес ұйымды) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда көзделген мерзімдерде себебін көрсете отырып, бас тарту туралы хабарлайды.

32. Банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотына қойылатын және Ұлттық Банкке келіп түсетін төлем талаптары, инкассалық өкімдер тиісті тіркеу журналдарында тіркеледі.

33. Инкассалық өкімді кері қайтарып алу, сондай-ақ инкассалық өкімді орындауды тоқтата тұру осы инкассалық өкімнің деректемелері көрсетілген нұсқауды кері қайтарып алу туралы өкімнің негізінде жүргізіледі.

Нұсқауды орындауды тоқтата тұру немесе нұсқауды кері қайтарып алу Ұлттық Банк оны орындағанға дейін жүргізіледі.

34. Ұлттық Банк банктің (банктік емес ұйымның) нұсқауларын және үшінші тұлғалардың талаптарын Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, Салық кодексінде және КЖТҚҚ туралы заңда белгіленген мерзімдерде орындайды.

35. Рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау мақсатында Ұлттық Банк қорғау іс-қимылдары рәсімдерін әзірлейді және қолданады. Қорғау іс-қимылдарының элементтері ретінде уәкілетті адамның (адамдардың) қолтаңбасы, оның ішінде электрондық-цифрлық қолтаңбасы, мөрлер (бар болса), алгоритмдер, кодтар (цифрлық, әріптік, символдарды қолдана отырып, және аралас), сәйкестендіруші сөздер немесе сәйкестендіру кодтары, шифрлау, биометриялық деректер немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдер пайдаланылады.

Ұлттық Банк, банк (банктік емес ұйым) корреспонденттік шот шартына сәйкес қорғау іс-қимылдары рәсімдерін сақтайды және осы рәсімдерді қолдану және өткізу тәртібі туралы мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етеді.

36. Ұлттық Банк банктің (банктік емес ұйымның) өтініші негізінде банкаралық ақша аудару жүйесінде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын аяқтау мақсатында Ұлттық Банк пен банктің (банктік емес ұйымның) арасында жасалатын шарттың негізінде кері сату шартымен бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәмілелер жасау арқылы банкке (банктік емес ұйымға) қосымша өтімділік береді.

37. Операциялық күн аяқталғаннан кейін Ұлттық Банк банктің (банктік емес ұйымның) ақшасын қабылдау (есепке алу), алып алу (есептен шығару) бойынша жасалған операциялар бойынша корреспонденттік шоттан үзінді көшірмені жасайды, ол банкке (банктік емес ұйымға) Ұлттық Банктің операциялық күн кестесінде (бұдан әрі – Операциялық күн кестесі) белгіленген уақытта беріледі.

38. Корреспонденттік шот шартына сәйкес банк (банктік емес ұйым) Ұлттық Банктен алынатын үзінді көшірмелер бойынша Ұлттық Банктегі корреспонденттік шот бойынша көрсетілген, өзінің ішкі корреспонденттік шоты бойынша жүргізілген төлемдер сомаларының дұрыс көрсетілуіне күн сайын бақылауды жүзеге асырады.

39. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40-1. Ұлттық Банк корреспонденттік шотқа орындалмаған талаптарды орындамай, мүлікті иеленуді уақытша шектеу туралы актілерді, уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдерін және (немесе) нұсқауларын, сондай-ақ банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шоты жабылған кезде банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотында тұрған ақшаға тыйым салу туралы актілерді Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, № 207 қағидаларда және Қағидаларда айқындалған тәртіппен қайтарады.

Ескерту. 1-параграф 40-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2 параграф. Консервация режиміндегі Қазақстан Республикасының резидент банкінің корреспонденттік шотын жүргізу

41. Уәкілетті мемлекеттік орган немесе уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) шектеу қойған банктің бұрын қабылданған міндеттемелері бойынша банктің корреспонденттік шотына төлем талаптары қойылған кезде, осы құжаттарды орындау мерзімі көрсетілген тұлғалардың банктің қызметін шектеу туралы шешімнің күшін жойғанға дейін тоқтатыла тұрады.

42. Орындау мерзімі тоқтатыла тұрған төлем тапсырмалары Ұлттық Банкте сақталады және баланстан тыс есепте есепке алынады.

Осы төлем құжаттарын баланстан тыс шотқа кіріске алған кезде Ұлттық Банк келесі жұмыс күнінен кешіктірмей нұсқаудың жөнелтушісіне (бастамашысына) және уақытша әкімшілікке (уақытша басқарушыға) тиісті хабарлама жібереді.

43. Баланстан тыс шоттағы төлем тапсырмаларын орындау банктің корреспонденттік шотында ақша жеткілікті болған кезде олардың келіп түсу ретімен (күнтізбелік кезектілік) жүргізіледі.

Банктің корреспонденттік шотында ақша жеткіліксіз болған кезде баланстан тыс шоттан есептен шығарылған төлем тапсырмаларын орындау үшін осы төлем тапсырмалары "Белгісіз мерзімдерде орындалуға тиіс орындалмаған нұсқаулар" картотекасына (бұдан әрі – картотека) келесі төлемін және (немесе) ақша аударымын жасау үшін корреспонденттік шотқа ақша сомасы келіп түскенге дейін орналастырылады. Төлем тапсырмалары картотекада олар картотекаға орналастырылған күнінен бастап бір жыл бойы сақталады.

44. Банктің корреспонденттік шотына ұсынылатын инкассолық өкімдер Азаматтық кодексте, Салық кодексінде, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Банктер және банк

қызметі туралы заң), Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және № 208 қағидаларда белгіленген тәртіппен орындалады.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

45. Картотекадағы төлем құжаттарын орындау Азаматтық кодексте, Салық кодексінде, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда көзделген кезектілікпен және № 208 қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Бір кезекке жататын төлем құжаттарын орындау олардың Ұлттық Банкке келіп түскен мерзімі бойынша кезектілікпен жүргізіледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

46. Банктің қаржылық ахуалының сауықтырылуына және уәкілетті мемлекеттік органның және банктің уақытша әкімшілігінің (банктің уақытша басқарушысының) банктің қызметін шектеу туралы шешімінің күшін жоюға байланысты оның консервациясы тоқтатылғаннан кейін:

1) банктің корреспонденттік шоты бойынша ақша жеткілікті болған кезде бірінші кезекте мемлекеттік кірістер органдарының салық берешегі сомаларын өндіріп алуға инкассалық өкімдері орындалады. Банктің корреспонденттік шотына қойылған өзге талаптарды орындау банктің корреспонденттік шотына олардың қойылу ретімен күнтізбелік кезектілікпен орындалады және олар баланстан тыс шоттан есептен шығарылады;

2) банктің корреспонденттік шоты бойынша ақша жеткіліксіз болған кезде қойылған талаптарды орындау Азаматтық кодексте көзделген кезектілікпен орындалады.

47. Банкті мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі бойынша тарату комиссиясы тағайындалған кезде картотекадағы және баланстан тыс шоттағы төлем құжаттары қабылдау-өткізу актісі бойынша тарату комиссиясына тапсырылады және бір мезгілде тиісті баланстан тыс шоттардан есептен шығарылады.

3-параграф. Банк операцияларын жүргізуге лицензиясынан айырылған банктің корреспонденттік шотын жүргізу

Ескерту. 3-тараудың 3-параграфының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48. Банкті банк операцияларын жүргізуге лицензиясынан айырған кезде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9711 болып

тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 147 қаулысымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және олардың өкілеттіктері қағидаларында (бұдан әрі – № 147 қағидалар) көзделген, Ұлттық Банк арқылы және банкке келіп түскен ақшаны есепке алумен жүзеге асырылатын шығыстарға байланысты жағдайларды қоспағанда, банктің корреспонденттік шоты бойынша төлем жүйелері арқылы жүзеге асырылатын шығыс операциялары тоқтатылады. Картотекаға орналастырылған, оның ішінде ішінара орындалған төлем құжаттарын орындау тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.02.2024 № 10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49. № 147 қағидаларда көзделген шығыстарға байланысты төлем тапсырмаларын қоспағанда, банктің бұрын қабылданған міндеттемелер бойынша төлем талаптары орындалмайды және баланстан тыс шотта есепке алынады.

50. Банк операцияларын жүргізуге лицензиясынан айырылғаннан кейін корреспонденттік шотқа қойылған инкассалық өкімдер орындалмайды және баланстан тыс шотта есепке алынады.

51. Төлем құжаттарын баланстан тыс шотқа кіріске алған кезде Ұлттық Банк келесі жұмыс күнінен кешіктірмей нұсқаудың жөнелтушісіне (бастамашысына) тиісті хабарлама жібереді. Ұлттық Банк ай сайын уақытша әкімшілікке (уақытша басқарушыға) есепке қабылданған банктің корреспонденттік шотына ұсынылған төлем құжаттары туралы мәліметтерді ұсынады.

52. Банкті мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі бойынша тарату комиссиясы тағайындалған кезде картотекадағы және баланстан тыс шоттағы төлем құжаттары қабылдау-өткізу актісі бойынша тарату комиссиясына тапсырылады және бір мезгілде тиісті баланстан тыс шоттардан есептен шығарылады.

4-параграф. Қазақстан Республикасының резидент-банкінің корреспонденттік шотын оны қайта құрылымдау кезеңінде жүргізу

53. Ұлттық Банк банкті қайта құрылымдау туралы заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесін алғаннан кейін бұрын ұсынылған төлем талаптарын және сот орындаушыларының атқарушылық құжаттары бойынша, оның ішінде ішінара орындалған инкассалық өкімдерін орындау тоқтатыла тұрады және банкке тоқтатыла тұрған төлем талаптарының және инкассалық өкімдердің тізілімімен сұрату жіберіледі.

Банк міндеттемелерін тоқтата тұрған және банктің қайта құрылымдау жоспарындағы төлем талаптары және сот орындаушыларының атқарушылық құжаттары бойынша инкассалық өкімдері банкті қайта құрылымдау тоқтатылғанға дейін баланстан тыс шотта есепке алынады.

Осы төлем құжаттарын баланстан тыс шотқа кіріске алған кезде Ұлттық Банк келесі жұмыс күнінен кешіктірмей нұсқаудың жөнелтушісіне (бастамашысына) және банкке тиісті хабарлама жібереді.

Банк міндеттемелерін тоқтата тұрмаған және қайта құрылымдау жоспарына енгізілмеген төлем талаптары және сот орындаушыларының атқарушылық құжаттары бойынша инкассалық өкімдері Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және № 208 қағидаларда көзделген тәртіппен орындалады.

Банкті қайта құрылымдау кезеңінде банктің ақшасына тыйым салу туралы бұрын ұсынылған актілерді, уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың банктің корреспонденттік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдерін (шешімдерін), мүлікті басқаруға уақытша шектеулерді орындау тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Мемлекеттік кірістер органдарының банктің корреспонденттік шотына ұсынылатын инкассалық өкімдері Салық кодексінде, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және № 208 қағидаларда көзделген тәртіппен орындалады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

55. Қайта құрылымдау кезеңінде банктің корреспонденттік шотына ақтарушылық құжаттар бойынша сот орындаушыларының инкассалық өкімдері ұсынылған жағдайда Ұлттық Банк Қағидалардың 53-тармағында көзделген іс-қимылдар орындалады.

56. Төлем құжаттарын кері қайтарып алу жөнелтушінің (бастамашының) нұсқауды кері қайтарып алу туралы жазбаша өкімінің негізінде жүргізіледі.

57. Банктің қаржы ахуалының жақсаруына және Ұлттық Банктің қайта құрылымдауды тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесін алуына байланысты банкті қайта құрылымдау тоқтатылғаннан кейін міндеттемелері тоқтатыла тұрған және қайта құрылымдау жоспарында қамтылған картотекадағы төлем құжаттары төлем бастамашысына орындаусыз қайтарылады.

58. Банктер құрылымдауды тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесін Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес оны алған күннен кейінгі күннен кешіктірмейтін мерзімде Ұлттық Банкке жібереді.

5-параграф. Ұлттық валютадағы қолма-қол ақшаны қабылдау және беру

59. Корреспонденттік шот және кассалық қызмет көрсету шарттарына сәйкес Ұлттық Банк қолма-қол ақшаны ұлттық валютада банкке (банктік емес ұйымға) және (

немесе) олардың филиалына беруді жүзеге асырады, сондай-ақ Ұлттық Банк филиалдарының кассалары арқылы оларды қабылдауды жүзеге асырады.

60. Ұлттық валютадағы қолма-қол ақшаны банкке (банктік емес ұйымға) немесе олардың филиалына беруді, сондай-ақ оларды банктен (банктік емес ұйымнан) немесе олардың филиалынан қабылдауды және қайта есептеуді Ұлттық Банктің филиалы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21229 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 120 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – № 120 қағидалар) сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

61. Банктің (банктік емес ұйымның) және (немесе) олардың филиалының Ұлттық Банк филиалының кассаларында ұлттық валютаны алуы үшін Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұлттық Банк пен банктің (банктік емес ұйымның) арасындағы автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйе бойынша корреспонденттік шот шартына сәйкес банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотында ақшаны резервтеуге және банктің (банктік емес ұйымның) және (немесе) банк (банктік емес ұйымның) филиалының қолма-қол ақшаны алуына өтінім (бұдан әрі – резервтеуге өтінім) ұсынылады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

62. Ұлттық Банк пен банктің (банктік емес ұйымның) арасындағы автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйені пайдалануға мүмкіндік болмаған кезде резервтеуге өтінім факсимиль байланысы құралдары немесе банктің (банктік емес ұйымның) уәкілетті адамы арқылы ұсынылады.

Ұлттық Банк алынған резервтеуге өтінімді өтінімнің күні мен нөмірін, банктің (банктік емес ұйымның) атауын, банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотында резервтелетін ақша сомасын көрсете отырып арнайы журналда тіркейді.

63. Ұлттық Банк мынадай негіздемелердің бірі бойынша:

1) егер резервтеуге өтінімде көрсетілген резервтелетін ақша сомасы банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотындағы ақша қалдығынан асатын болса;

2) банктің (банктік емес ұйымның) өкімі бойынша;

3) банктен (банктік емес ұйымнан) бұрын қабылданғанның орнына жаңа резервтеуге өтінімнің келіп түсуі;

4) Операциялық күн кестесіне сәйкес резервтеуге өтінімдерді қабылдауы аяқталғаннан кейін банктен (банктік емес ұйымнан) резервтеуге өтінім келіп түскен кезде;

5) банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотында инкассалық өкімді және (немесе) төлем талабын орындау үшін ақша жеткіліксіз болған және банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотына банктің (банктік емес ұйымның) ақшасына тыйым салу туралы актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдері (шешімдері), мүлікті басқаруға уақытша шектеулер ұсынылған кезде;

6) банк (банктік емес ұйым) Ұлттық Банктің алдындағы міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісті түрде орындамаған жағдайда;

7) банкке (банктік емес ұйымға) қарызды берген кезде ақшаны резервтеуге өтінімді орындағаннан кейін корреспонденттік шоттағы ақша қалдығының сомасы тұрақсыздық айыбын, берешекті өндіріп алу шығыстарын және басқа да ықтимал шығыстарды ескере отырып, берілген қарыздың және ол бойынша сыйақы сомасын өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, ақшаны резервтеуге өтінімнің күшін жояды.

Бір мезгілде банкке (банктік емес ұйымға) жоюдың себебін көрсете отырып, резервтеуге өтінімнің күшін жою туралы хабарлама жіберіледі.

64. Егер Ұлттық Банк филиалдарының бірі резервтеуге өтінімді орындауды бастаса, банк (банктік емес ұйым) корреспонденттік шот шартына сәйкес резервтеуге өтінімнің күшін жоймайды.

65. Резервтеуге өтінімнің негізінде және банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотында ақша жеткілікті болған кезде Ұлттық Банк банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотында ақша резервтейді.

66. Резервтеуге өтінімнің негізінде қолма-қол ақшаны беру күнінің басында Ұлттық Банк Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің (банктік емес ұйымның) және (немесе) банк (банктік емес ұйым) филиалының қолма-қол ақшаны Ұлттық Банктің филиалы арқылы алуына арналған жиынтық ведомосты (бұдан әрі – ведомость) жасайды және электрондық түрде Ұлттық Банктің тиісті филиалдарына жібереді.

67. Ұлттық Банк жасаған электронды ведомостар автоматтандырылған банктік ақпараттық шағын жүйесі арқылы Ұлттық Банктің филиалдарына жіберіледі.

68. Қағидалардың 70-тармағында көзделген қолма-қол ақшаны беруден бас тартуға негіздер болмаған кезде Ұлттық Банктің филиалы банк (банктік емес ұйым) немесе олардың филиалы Ұлттық Банктің филиалына ұсынған чек бойынша банкке (банктік емес ұйымға) немесе олардың филиалына қолма-қол ақшаны береді.

69. Ұлттық Банктің филиалы қолма-қол ақшаны бергеннен кейін банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотынан ақшаны есептен шығаруға кассалық шығыс ордерін жасайды.

70. Мыналар:

1) чекте көрсетілген соманың ақшаны резервтеуге арналған өтінімде көрсетілген сомадан асып кетуі;

2) резервтеуге арналған өтінімнің болмауы;

3) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14346 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 204 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану қағидаларында белгіленген талаптарды бұза отырып чекті ресімдеу;

4) № 120 қағидаларда және (немесе) корреспонденттік шот және кассалық қызмет көрсету шарттарының талаптарында белгіленген өзге де талаптардың сақталмауы қолма-қол ақша беруден бас тартуға негіздеме болып табылады.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

71. Банктен (банктік емес ұйымнан) немесе олардың филиалынан қолма-қол ақшаны қабылдаған кезде Ұлттық Банктің филиалы осы соманы банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотына есепке алу үшін қабылданған қолма-қол ақша сомасына кассалық кіріс ордерін жасайды.

72. Банктен (банктік емес ұйымнан) және (немесе) олардың филиалынан қабылданған қолма-қол ақшаны қайта санаған кезде анықталған артық сома банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотына есепке алынады, ал кем шығу сомасы Ұлттық Банк пен банктің (банктік емес ұйымның) арасында жасалған корреспонденттік шот шартына сәйкес банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотынан олардың келісімінсіз есептен шығарылады.

4-тарау. Ұлттық Банкте корреспонденттік шотты жабу тәртібі

73. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе корреспонденттік шот шартында өзгеше көзделмесе, корреспонденттік шотты жабу банктің (банктік емес ұйымның) өтініші негізінде жүргізіледі немесе Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен корреспонденттік шот шартының қолданысы тоқтатылған не орындаудан бас тартылған жағдайда Ұлттық Банк оны дербес жүргізеді.

Корреспонденттік шотта қалдық болған кезде банк (банктік емес ұйым) Ұлттық Банкке корреспонденттік шот шартында көзделген тәртіппен корреспонденттік шоттан ақша қалдығын аударуға төлем құжатын ұсынады.

74. Корреспонденттік шотты жабу кезінде корреспонденттік шот шарты бұзылады, кейін банктің (банктік емес ұйымның) жеке идентификациялау коды, банктік идентификациялау коды және Нұсқаулыққа сәйкес берілген жағдайда банк коды жойылады.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

75. Корреспонденттік шот жабылған кезде Ұлттық Банк банкке (банктік емес ұйымға) корреспонденттік шотты ашқанда алынған құжаттарды қайтармайды.

76. Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және № 207 қағидаларда көзделген жағдайларда корреспонденттік шотты жабуға жол берілмейді.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

77. Ұлттық Банк, Қазақстан Республикасының резидент емес банкінің корреспонденттік шотын қоспағанда, банктің (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шоты жабылғаннан кейін хабарламаларды кепілдікпен жеткізуді қамтамасыз ететін телекоммуникациялық желі арқылы мемлекеттік кіріс органын корреспонденттік шоттар жабылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып хабардар етеді.

Ұлттық Банк техникалық проблемаларға байланысты телекоммуникациялық желі бойынша корреспонденттік шоттардың жабылғаны туралы хабарлауға мүмкіндік болмаған кезде, хабарламаны қағаз тасымалдағышта үш жұмыс күні ішінде банктің (банктік емес ұйымның) орналасқан жері бойынша салық органына жібереді.

Корреспонденттік шоттың жабылғаны туралы хабарламаның көшірмесі Іс қағазында сақталады.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі мен банктер,
сондай-ақ банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдар арасындағы
корреспонденттік қатынастарды
белгілеу қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректер жинауға арналған
нысан

(банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы)

корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарды растау ведомосы

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 182 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі мен банктер,
Қазақстан Республикасының

бейрезидент банктерінің
филиалдары, сондай-ақ банк
операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдар арасындағы
корреспонденттік
қатынастарды орнату
қағидаларына
2-қосымша
Нысан
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

Ұлттық Банктің _____ филиалы арқылы (атауы) банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) және (немесе) банк (банктік емес ұйым) филиалының қолма-қол ақшаны алуға арналған 20 ____ жылғы " ____ " _____ жиынтық ведомосы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Ақшаны резервтеуге өтінім берген банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) атауы	Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) коды	Өтінім нөмірі	Ақша алушының атауы	Ақша алушы банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының коды	Қолма-қол ақшаны беруге лимит сомасы	
						Цифрлармен	Жазумен
1							
2							
Жиынтығы:							

Ұлттық Банктің корреспонденттік шоттарына қызмет көрсетуге жауапты бөлімшесінің уәкілетті адамдарының қолдары
Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі мен банктер,
Қазақстан Республикасының
бейрезидент банктерінің
филиалдары, сондай-ақ банк

операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдар арасындағы
корреспонденттік
қатынастарды орнату
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

20 ____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі
Операциялық есепке
алу департаменті

Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотында ақшаны резервтеуге және банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) және (немесе) банк филиалының қолма-қол ақшаны алуына № ____ өтінім

Ескерту. Қағида 3-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.11.2020 № 139 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының
(банктік емес ұйымның) атауы

Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) банктік сәйкестендіру коды

Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотының нөмірі

Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) корреспонденттік шотында резервтелетін ақша сомасы

(цифрмен)

(жазумен)

Резервтеу күні 20__ жылғы " __ " _____ Берілетін қолма-қол ақша сомасы:

Беру үшін қолма-қол ақша сомасын цифрлармен жазумен

№	Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) банктік сәйкестендіру коды/коды	Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының (банктік емес немесе банк филиалының атауы	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалы	Қолма-қол ақшаны беруге арналған сома	
				цифрлармен	Жазумен
1	2	3	4	5	6
1.					
2.					
Жиынтығы:					

Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) уәкілетті тұлғасы

(Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және қолы)

Банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының (банктік емес ұйымның) бас бухгалтері

(Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және қолы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 209 қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы қаулысының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастарды орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 14 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9247 тіркелген, 2014 жылғы 1 сәуірде "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 27 тамыздағы № 168 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9796 тіркелген, 2014 жылғы 12 қарашада "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 21-тармағы.

3. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 25 ақпандағы № 28 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10715 тіркелген, 2015 жылғы 6 мамырда "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 14-тармағы.

4. "Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастарды орнату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 14 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 259 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 13078 тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) 2-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК